



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Д.Н. Тұрғановқа,
С.М. Пономаревқа

2023 жылғы 31 мамырдағы
№ ДС 203 хатқа

Құрметті депутаттар!

«Көкжиде» жер асты сулары кен орнының шегінде орналасқан мұнай-газ компанияларына, сондай-ақ Жайық өзені бассейнінің экологиялық жағдайына кешенді тексеру жүргізуге қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

«Көкжиде» жерасты сулары кен орнының шегінде орналасқан мұнай-газ компанияларына кешенді тексеру жүргізу бойынша

2019 жылдан 2021 жылға дейін Көкжиде жер асты суларының кен орнын жете барлау жұмыстары жүргізілді, жер асты суларының тәулігіне 173,4 мың м3 көлемі расталды.

2022 жылы Ақтөбе облысының әкімдігі жер асты суларына мониторинг жүргізді. 26 көрсеткіш бойынша 124 ұңғымаға сынамаларды іріктеу және талдау жүзеге асырылды. Жер асты суларында темір және аммоний азоты бойынша көрсеткіштердің шамалы артуы анықталды, жер үсті суларында сульфаттар, магний және темір бойынша көрсеткіштердің артуы байқалады, қалған көрсеткіштер қалыпты.

Осыған байланысты Экология және табиғи ресурстар (бұдан әрі – ЭТРМ), Энергетика министрліктерінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы хаттамалық шешімімен «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚМК-Мұнай» АҚ, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Урихтау Оперейтинг» ЖШС және «Фирма Ада ойл» ЖШС компанияларына 2023 жылға ағымдағы жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде Көкжиде жер асты сулары кен орнының контурында орналасқан өндіруші мұнай-газ ұңғымаларын кезең-кезеңімен жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – жоспар) жасау және бекіту шартымен экологиялық рұқсаттар берілді.

Сонымен қатар, осы уақытқа дейін жер қойнауын пайдаланушылар жоспарларды бекіткен жоқ.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта ЭТРМ Ақтөбе облысы прокуратурасының ұсынысы бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға («СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚМК Мұнай» АҚ, «Фирма Ада Ойл» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС және «Урихтау Оперейтинг» ЖШС) қатысты тиісті тексерулер жүргізілуде, олардың нәтижелері бойынша шаралар қабылданатын болады.

Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің қатарына қосу бойынша

Ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерін қорғаудың ерекшеліктерінің бірі аймақтарға бөлу және аймақтар бойынша жеке су және экологиялық нормативтерді белгілеу, су объектілеріне және олардың экологиялық жүйесіне антропогендік жүктемені нормалау, сондай-ақ су объектілерінің арналары бойынша табиғатты қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық су жіберуді міндетті түрде жүргізу болып табылады.

Жайық өзенінің бассейнінде жоғарыда аталған жағдайлардың өлшемдерін айқындау мақсатында 2021 жылдан бастап «Ірі өзендерінің бассейндерінде зерттеулер жүргізу бойынша Ресей Федерациясымен ынтымақтастықты жандандырудың бірыңғай жол картасы» (бұдан әрі – БЖК) шеңберінде тиісті іс-шараны іске асыру басталды. 2021-2022 жылдарға Жайық трансшекаралық өзендерінің бассейндерінде гидрологиялық зерттеулер жүргізу үшін 32 млн теңге бөлінді. Осы іс-шараны аяқтау үшін 2023 жылға республикалық бюджеттен 19 млн теңге сомасына қаражат көзделген.

Зерттеу қорытындысы бойынша Үкімет Жайық өзенін ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілерінің тізбесіне енгізу мәселесін қайта қарайтын болады.

Жайық өзенінде түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу үшін қаржы бөлу бойынша

Атырау облысының әкімдігі ұзындығы 295 км Орал және Қиғаш өзендерінің арналарында түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттама дайындады.

Анықтама: Жайық өзені бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны 6,1 млрд теңгені құрайды. (51,5 км), Қиғаш өзені бойынша – 15,0 млрд теңге.

2022 жылы ұзындығы 50 км өзендерде түбін тереңдету жұмыстары жүргізілді, республикалық бюджеттен бұл қажеттіліктерге 7,0 млрд теңге бөлінді.

Ағымдағы жылы түбін тереңдету жұмыстарын жалғастыруға республикалық бюджеттен 3,0 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 500 млн теңге бөлінді. Бүгінгі таңда Жайық өзенінің ұзындығы 15,7 км және Қиғаш өзенінің 48,6 км түбін тереңдету жұмыстары жүргізілді.

Жайық-Каспий бассейніндегі су шаруашылығы жағдайын жақсарту бойынша қабылданып жатқан шаралар бойынша

БЖК шеңберінде 2021-2024 жылдарға арналған Жайық трансшекаралық өзені бассейнінің экожүйесін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірленді.

Қазіргі уақытта келесі жұмыс жүргізілді.

Бағдарламаның **бірінші бағыты** шеңберінде «Жайық (Орал) трансшекаралық өзені бассейніндегі ағынды реттеудің салдарын экологиялық бағалау және Жайық (Орал) трансшекаралық өзенін сақтау және қалпына келтіру бойынша ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу» (бұдан әрі – ҒЗИ) тақырыбы бойынша ғылыми – зерттеу жұмысына техникалық тапсырма әзірленді.

Бүгінгі күні Ұлттық ғылыми кеңестің 2023 жылғы 14 наурыздағы шешімімен және ағымдағы жылғы 18 мамырдағы ЖҒТК хаттамасымен 2023-2025

жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде «Қазақстан Республикасының трансшекаралық Жайық-Каспий бассейніндегі су қауіпсіздігі: тұрақты сумен қамтамасыз ету стратегиясы» жобасы мақұлданды, оған ҒЗИ іс-шаралары кірді, онда конкурсты ұйымдастырушы Ғылым және жоғары білім министрлігі болып табылады.

Бағдарламаның **екінші бағытын** іске асыру шеңберінде 2021 жылғы 26-30 сәуір аралығында ЭТРМ және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен ластану көздерін және бассейн экожүйесінің жай-күйіне теріс әсер ететін басқа да факторларды анықтау мақсатында Жайық өзенінің бассейніне кешенді тексеру жүргізілді.

Кешенді зерттеу қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының аумағында 4 және 5-сыныпты, Атырау облысында-1-4 – сыныпты судың сапасы *(су ресурстары комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген су объектілеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес)* белгіленді.

Тексеру барысында атмосфералық ауаның сынамалары іріктеліп алынды, ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясынан асып кету анықталған жоқ.

Бағдарламаның **үшінші бағыты** бойынша 2021-2022 жылдары Жайық өзеніне мемлекеттік және жеке балық өсіру кәсіпорындары бекіре тұқымдас балықтардың 16,6 млн дана шабақтары шығарды.

Жайық өзені бассейнінің су жинау алаңдарын орман өсіру бойынша кешенді іс-шаралар өткізу шеңберінде 2022 жылы облыстың мемлекеттік орман қорының 543,5 га алаңына 1,389 млн орман дақылдарының көшеттері отырғызылды. 2023 жылы 573,5 га алқапқа 1,439 млн көшет отырғызу жоспарлануда.

Бағдарламаның **төртінші бағытын** іске асыру шеңберінде 2022 жылы Ақтөбе облысында «Таза Табиғат», «Birge-Taza Qazaqstan», «Мекенім – жасыл орман», Атырау облысында «Таза Табиғат», «Birge – Taza Qazaqstan», «Таза жағалау», «Taza Picnic», «PLOGGING», Батыс Қазақстан облысында- «Таза жағалау» – «таза жағалау», «Таза орман» – «таза ормандар», «Birge-Taza Qazaqstan», «World Cleanup day», «Табиғатта қоқыс жоқ!» акциялары өткізілді.

Бұдан басқа, гидротехникалық құрылыстарды салу және реконструкциялау бойынша іс-шаралар, атап айтқанда, Казталов ауданы Ақпатер ауылы аймағында Орал-Көшім жүйесінен үлкен Өзен өзеніне бассейн аралық су жіберу үшін Киров-Чижин каналын реконструкциялау және Жалпақтал кентінің жанындағы Үлкен өзен өзенінде су қоймасын салу іске асырылуда.

Жалпы, елдің су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Д.Н. Турганову,
С.М. Пономареву

На № ДС 203
от 31 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос относительно проведения комплексной проверки нефтегазовых компаний, расположенных в пределах границ месторождения подземных вод «Кокжиде», а также экологического состояния бассейна реки Жайык, сообщаю следующее.

По проведению комплексной проверки нефтегазовых компаний, расположенных в пределах границ месторождения подземных вод «Кокжиде»

С 2019 по 2021 годы проведена работа по доразведке месторождения подземных вод Кокжиде, подтверждены запасы подземных вод в объеме 173,4 тыс. м³/сут.

В 2022 году акиматом Актюбинской области проведен мониторинг подземных вод. Осуществлен отбор и анализ проб на 124 скважинах по 26 показателям. В подземных водах выявлено небольшое превышение показателей по железу и азоту аммонийному, в поверхностных водах отмечается превышение показателей по сульфатам, магнию и железу, остальные показатели в норме.

В этой связи, протокольным решением министерств экологии и природных ресурсов (далее – МЭПР), энергетики от 1 декабря 2022 года компаниям АО «СНПС-Актобемунайгаз», АО «КМК-Мунай», ТОО «Казахойл Актобе», ТОО «Урихтау Оперейтинг» и ТОО «Фирма Ада ойл» на 2023 год выданы экологические разрешения с условием в срок до 1 февраля т.г. составить и утвердить планы мероприятий по поэтапной ликвидации добывающих нефтегазовых скважин (далее – План), расположенных в контуре месторождения подземных вод Кокжиде.

Вместе с тем, до настоящего времени недропользователями планы не утверждены.

В связи с чем, в настоящее время МЭПР по представлению прокуратуры Актюбинской области в отношении недропользователей (АО «СНПС-Актобемунайгаз», АО «КМК Мунай», ТОО «Фирма Ада Ойл», ТОО «Казахойл Актобе» и ТОО «Урихтау Оперейтинг») проводятся соответствующие проверки, по результатам

которых будут приняты меры реагирования.

По включению реки Жайык в число водных объектов особого государственного значения

Одной из особенностей охраны водных объектов особо государственного значения является зонирование и установление водных и экологических нормативов отдельно по зонам, нормирование антропогенной нагрузки на водные объекты и их экологическую систему, а также обязательное проведение природоохранных и санитарно-эпидемиологических попусков воды по руслам водных объектов.

С целью определения критериев вышеуказанных условий в бассейне реки Жайык, с 2021 года в рамках «Единой дорожной карты активизации сотрудничества с Российской Федерацией по проведению исследований в бассейнах крупных реки Жайык» (далее – ЕДК) начата реализация соответствующего мероприятия. На 2021-2022 годы для проведения гидрологических исследований в бассейнах трансграничных рек Жайык было выделено 32,226 млн. тенге. Для завершения данного мероприятия на 2023 год из республиканского бюджета предусмотрены средства на сумму 18,917 млн. тенге.

По итогам исследования, Правительством будет повторно рассмотрен вопрос включения реки Жайык в перечень водных объектов особого государственного значения.

По выделению финансовых средств для проведения дноуглубительных работ на реке Жайык

Акиматом Атырауской области подготовлены проектно-сметные документации для проведения дноуглубительных работ на каналах рек Урал и Кигач, протяженностью 295 км.

Справочно: стоимость строительно-монтажных работ по реке Жайык составляет 6,1 млрд тенге. (51,5 км), по реке Кигач – 15,0 млрд тенге.

В 2022 году проведены дноуглубительные работы на реках, протяженностью 50 км, из республиканского бюджета на эти нужды было выделено 7,0 млрд тенге.

В текущем году на продолжение дноуглубительных работ из республиканского бюджета выделено 3,0 млрд тенге, из местного бюджета 500 млн тенге. На сегодня проведены дноуглубительные работы протяженностью 15,7 км реки Жайык и 48,6 км реки Кигач.

По принимаемым мерам по улучшению водохозяйственной ситуации в Жайык-Каспийском бассейне

В рамках ЕДК разработана программа казахстанско-российского сотрудничества по сохранению и восстановлению экосистемы бассейна трансграничной реки Жайык на 2021-2024 годы (далее – Программа).

На данный момент проведена следующая работа.

В рамках **первого направления** Программы разработано техническое задание к научно-исследовательской работе по теме «Экологическая оценка последствий регулирования стока в бассейне трансграничной реки Жайык (Урал) и разработка научно-обоснованных предложений по сохранению и восстановлению трансграничной реки Жайык (Урал)» (далее – НИИР).

На сегодняшний день решением Национального научного совета от

14 марта 2023 года и Протокола ВНТК от 18 мая т.г. в рамках программно-целевого финансирования на 2023-2025 годы одобрен проект «Водная безопасность Республики Казахстан в трансграничном Жайык-Каспийском бассейне: стратегия устойчивого водообеспечения» куда вошли мероприятия НИИР, где организатором конкурса выступает Министерство науки и высшего образования.

В рамках реализации **второго направления** Программы, в период с 26 по 30 апреля 2021 года, с участием представителей МЭПР и местных исполнительных органов проведено комплексное обследование бассейна реки Жайык в целях выявления источников загрязнения и других факторов негативного воздействия на состояние экосистемы бассейна.

По итогам комплексного обследования, на территории Западно-Казахстанской и Актыубинской областей установлено качество воды 4 и 5-класса, в Атырауской области – 1-4 класса качества *(в соответствии с Единой системой классификации качества воды в водных объектах, утвержденной приказом председателя Комитета по водным ресурсам)*.

В ходе обследований отобраны пробы атмосферного воздуха, превышений предельно-допустимых концентраций загрязняющих веществ не установлено.

По третьему направлению Программы, в 2021-2022 годы в реку Жайык государственными и частными рыболовными предприятиями выпущено 16,6 млн. штук молоди осетровых видов рыб.

В рамках проведения комплексных мероприятий по облесению водосборных площадей бассейна реки Жайык, в 2022 году проведена посадка 1,389 млн. сеянцев лесных культур на площади 543,5 га государственного лесного фонда области. В 2023 году планируется посадка 1,439 млн. сеянцев на площади 573,5 га.

В рамках реализации **четвертого направления** Программы, в 2022 году в Актыубинской области проведены акции «Таза Табиғат», «Virge-Taza Qazaqstan», «Мекенім – жасыл орманым», в Атырауской области – «Таза Табиғат», «Virge-Taza Qazaqstan», «Таза жағалау», «Таза Picnic», «PLOGGING», в Западно-Казахстанской области – «Таза жағалау» – «Чистые берега», «Таза орман» – «Чистые леса», «Virge-Taza Qazaqstan», «World Cleanup day», «Нет мусора на природе!».

Кроме того, реализуются мероприятия по строительству и реконструкции гидротехнических сооружений, в частности реконструкция Кирово-Чижинского канала для межбассейновой переброски воды из Урало-Кушумской системы в реку Большой Узень в районе с.Акпатер Казталовского района и строительство водохранилища на реке Большой Узень у п. Жалпактал.

В целом, вопросы рационального использования водных ресурсов страны находятся на контроле Правительства.

А. Смаилов